

13 қаңтар
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930

жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛДА ЖАҢА МЕКТЕП ПЕН БАЛАБАҚШАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

ӨТКЕН АПТАДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АСЫЛБЕК ЕСЕНБАЕВ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛІП, БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ БАРЫСЫН ТЕКСЕРДІ. АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА БІРДЕН ЕКІ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР НЫСАН - 320 ОРЫНДЫҚ МЕКТЕП ПЕН 150 ОРЫНҒА АРНАЛҒАН БАЛАБАҚШАНЫҢ ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫ ТОЛЫҚ АЯҚТАЛҒАН.



Нысандарды аралау кезінде Асылбек Есенбаев мердігер ұйымға нысандарды соз-балаңға салмай тапсырып, аудан балансына қабылдауды қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берді. Бұл білім беру мекемелерінің алдағы уақытта оқушылар мен тәр-

биеленушілерді қабылдауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар облыс әкімінің орынбасары Ойыл өзені арқылы салынатын көпірдің құрылысымен танысты. Ауданның көлік қатынасы үшін стратегиялық маңызы бар нысанда жұмыстар күшейтілген режим-



де, екі ауысыммен жүргізілуде. Қазіргі таңда сегіз тіректің жетеуі орнатылған, көпір аралықтарына арқалықтарды монтаждау жұмыстары жалғасуда. Сапар қорытындысы бойынша Асылбек Есенбаев бетондау жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтап, ақпан ай-

ының соңына дейін көпір арқылы техникалық жүрісті қамтамасыз ету жөнінде нақты міндет қойды. Уақытша болса да қозғалыстың ашылуы ауданның көлік қолжетімділігін жақсартып, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына оң әсер ететіні атап өтілді.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

12 қаңтар 2026 жыл

№ 29

Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс жиырма тоғызыншы
сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс жиырма тоғызыншы сессиясы 2026 жылдың 19 қаңтар күні сағат 10.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залына шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселе енгізілсін:

1. № 1 бірмандатты сайлау округі бойынша Ойыл аудандық мәслихатының депутаты С.М.Нурбаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы

Хабарламашы: Б.Т.Бисекенов – Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Аудандық мәслихат
төрағасы:

С.Ғ.Займолдин

ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАРИЯЛАНДЫ



Мемлекет басшысы жүргізіп отырған ауқымды экономикалық реформалар жағдайында 2025 жылы прокурорлар мемлекет мүдделерін 1,1 трлн теңгеден астам сомаға қамтамасыз етті. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Берік Асыллов мәлім етті.

Мемлекет пайдасына мемлекеттік қаражатты жұмсау, мемлекеттік сатып алу, қоршаған ортаны қорғау және жер қойнауын пайдалану, жерлерді ұтымды пайдалану және басқа да салаларда 470 млрд теңге көлемінде ақша қаражаты мен мүлік тәркіленді.

Бас прокуратура қаржы және әділет министрліктерімен бірлесіп мемлекеттік мүлкіті басқарудың заңдылығына жүргізілген бір ғана тексерудің нәтижесінде 3 жылдан астам уақыт бойы шоттарда бұғатталып тұрған және бюджетке төленбеген 193 млрд дивидендтерді төлеу бойынша шаралар қабылданды.

Мемлекет меншігіне Алатаудың тау етегінде, Каспий теңізінің жағалауында, Бұрабай ұлттық паркінде орналасқан олигополиялардың жері, сондай-ақ жылдар бойы мақсатты түрде пайдаланылмаған қоғамдық жайылымдар мен өзге де алқаптар – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің барлығы 800 мың гектар қайтарылды.

Нәтижесінде бірқатар өңірлерде жайылым тапшылығы мәселесі іс жүзінде шешілді – прокурорлар ауылдық аумақтардың барлық тұрғындарына оларды пайдалану мүмкіндігі мен қолжетімділігін қамтамасыз етті.

Президент бекіткен ішкі саясат қағидаттары мен «Таза Қазақстан» тұжырымдамасында табиғат пайдаланушылармен келтірілген 25 млрд көлеміндегі экологиялық залал өтелді.

Цифрлық технологияларды, ғырыштық мониторингті және жасанды интеллект элементтерін жұмысқа енгізу есебінен артып келеді.

төрін пайдалана отырып, прокурорлар экологтармен бірлесіп 3,8 мыңнан астам заңсыз қоқыс орындарын жойды.

Прокурорлық қадағалау актілері бойынша құрылыс салушылармен 300 мыңнан астам жаңа жасыл желектер отырғызылды.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру туралы Президенттің Жарлығын орындау шеңберінде прокурорлар жергілікті атқарушы органдардың шығыстарын оңтайландырып, 255 млрд теңге көлеміндегі қажетсіз мемлекеттік шығындардың жолын кесті.

Бұл – тұтас бір өңірдің жылдық бюджетімен салыстыруға болады.

Павлодар мен Атырауда жергілікті органдар арнайы техника мен пәтерлерді нарықтық бағасынан үш есе қымбат бағаммен сатып алуды жоспарлаған.

Прокурорлар бұл сатып алуды тоқтатып, қаражат өзге әлеуметтік қажеттіліктерге және инфрақұрылымды жақсартуға бағытталды.

Прокурорлардың өтінішхаттары мен наразылықтары бойынша 300-ден астам азаматтық және әкімшілік іс бойынша шешімдер қайта қаралды, оның ішінде мемлекет пайдасына 22 млрд теңге өндірілді. Мысалы, менің наразылығым бойынша мемлекеттен екі жеке компанияның кредиттік берешегі үшін 1,2 млрд теңге өндіріп алу жойылды.

Керісінше, менің наразылығым бойынша орындалмаған қару-жарақты жөндеу жұмыстары үшін мемлекеттік қорғаныс тапсырысының пайдасына 800 млн теңге өндірілді. Қоғам мен мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғау саласындағы прокурорлық қадағалаудың тиімділігі, соның ішінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін жұмысқа енгізу есебінен артып келеді.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС АУДАНЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРҒА БАСПАСӨЗ БЕТІНЕН ОРЫН БЕРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ, ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

- Сайлау алдындағы үгіттік материалдарын орналастыру қара-ақ түсті орындауда
1 шаршы см құны — 300 теңге ҚҚС қоса алғанда.
 - Үгіттік материалдарын орналастыру түрлі-түсті орындауда 1 шаршы см құны 400 теңге ҚҚС қоса алғанда
 - Үгіттік материалдарын газеттер сайттарында орналастыру құны – жалпы сомадан 50%.
 - Аудандық «Ойыл» газетінің таралымы -1383 дана. Газеттің шығу жиілігі аптасына 1 рет: Сейсенбі күні — D2 форматта;
 - Ауылдық округтер әкімдігіне кандидаттарға ұсынылатын мәтіндік, фото және т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әр бетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына кандидаттан сенімхаты бар тұлғаның қолы қойылады. Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымында жарияланымнан алынып тасталады.
 - Үгіттік материалдарын газет беттерінде орналастыру «Ойыл газеті» ЖШС-ның қалауы бойынша жүзеге асырылады.
 - Үгіттік материалдарын газеттерде жариялау үшін күтілетін жарияланым күніне дейін 3 (үш күн) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.
 - Мақалалар WORD форматында, фотосуреттер jpeg форматында қабылданады.
 - Жасалған шарт бойынша «Ойыл» газетінде орналастырылған үгіттік материалдары үшін ақы төлеу ұсынылған шоттың негізінде, берілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
 - Үгіттік материалдарды газетке орналастыру үшін қабылдау 2026 жылғы 19 қаңтарынан бастап 2026 жылғы 2 ақпан күнгі сағат 12.00-ге дейін жүзеге асырылады.
- P.S. Осы шарттарға Орталық сайлау комиссиясы түсіндірмелеріне сәйкес қосымшалар, өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мекен-жайымыз: Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 69-үй, 318-322 бөлмелер.**

«Ойыл газеті» ЖШС-і

ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН БӨЛІНГЕН ОРЫНДАР

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Ақжар ауылы	Мектеп көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Саға мектеп- балабақшасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
2	Көсембай ауылы	Орталық көшесі (“Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы” мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы “Ойыл аудандық ауруханасы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Көсембай фельдшерлік- акушерлік пункті ғимаратының оң жағында)

ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

№	Ауылдық округтің атауы	Кездесу үшін белгіленген орындар
	Қайыңды	Ақжар ауылы, Саға мектеп бала бақшасы, Мектеп көшесі №8
		Көсембай ауылы, Көсембай негізгі мектебі, Орталық көшесі №6

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» ММ-НІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның,ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы
«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ	Туремуратов Маулен Оралұлы	Бөлім басшысы	Қаңтар айының 15,26 күндері уақыты:сағ.09:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69, 3 қабат, №309 каби-нет.	8(71332) 2-18-80
			Ақпан айының 10,23 күндері уақыты:сағ.09:00 ден -12:00 ге дейін		
			Наурыз айының 3,17 күндері уақыты:сағ.09:00 ден -12:00 ге дейін		

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 8(71332) 2-18-80 сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	М.Тәжіғалиев	Саралжын ауылдық округі әкімі	Қаңтар 8, 22 Ақпан 12,26 Наурыз 6,20 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Қазақстан көшесі – № 11А	74 – 001 Sar_uil@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.
Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2026 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Көптоғай әкімінің аппараты ММ	Асылбаев Ерлан Базарбаевич, ауыл әкімі	8,15,22, 29 қаңтар 5,12,19,26 ақпан 5,12,19,26 наурыз Уақыты: Сағат: 10.00- 12.30	Көптоғай ауылы, Мәңгілік ел көшесі №20	2-12-23

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілері анықталған жағдайда төмендңгідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 8-71-332-74-5-23 номерінде орнатылған.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНЫҢ 10 БАБЫНЫҢ 3 ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС ОКРУГТІК ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ МҮШЕЛІГІНЕН ШЫҒЫП ҚАЛҒАН БОС ОРЫНДАРҒА САЙЛАУ ҮДЕРІСІНІҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды. Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылдың 13 қаңтарынан бастап 28 қаңтарына дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;
- 3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылдың 28 қаңтарға дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін. Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-705-918-28-96 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:	
Округтік және учаскелік сайлау комиссиясының атауы	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№ 1 округтік сайлау комиссиясы	1
№ 413 учаскелік сайлау комиссиясы	1

ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫМЕН КЕЛІСІЛГЕН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҒАНА «КҮШІ» БАР

Ойыл аудандық мәслихаты «Қазақстан Республикасын-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1 тармағының 1 тармақшасы-на сәйкес, «Азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Рес-публикасы Конституциясы-ның, заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орта-лық және жергілікті мемлекет-тік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормала-рын орындауына жәрдемдесу-ді» қамтамасыз ететін жергілік-ті өкілді орган. Ойыл аудандық мәслихатымен Әділет орган-дарында мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерінің (бұдан әрі - НҚА) әзірленген жобалары мем-лекеттік тіркеуге жіберілгенге дейін әділет органдарымен міндетті түрде келісілуге жата-ды. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер жобаларын әділет органдарының келісуі «Құқықтық актілер туралы» Заңында және Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және мемлекеттік тіркеу қағидаларында (Әділет мини-стрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 5 шілдедегі № 464 бұйрығымен бекітілген) айқын-далатын тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасы-на сәйкестігі, құқық нормала-рының бар-жоғы, азаматтар-дың құқықтары, бостандығы мен заңды мүдделеріне қайшы келетін ережелерді қамтымай-тындығы және мемлекеттік тір-кеу қажеттілігі тұрғысынан заң сараптамасын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Азамат-тардың құқықтары мен бостан-дықтарын қорғау, кәсіпкерлікке кедергілердің болмауы, заңна-маны жетілдіру мәселелері нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тиімділі-гіне байланысты. Мемлекет-тік тіркеудің маңыздылығы мен мәні тек нормашығар-машылықтың заңдылығын бақылауда ғана емес, сонымен қатар нормативтік құқықтық актілердің күшіне енуінің қа-жетті шарты. Ал мемлекеттік тіркеуден өтпеген нормативтік құқықтық акті жарамсыз. Нор-мативтік құқықтық акті қа-былданғанға дейін көпшілік талқылауы үшін «Электрон-

дық үкіметтің» www.egov. kz веб-порталында «Ашық норма-тивтік құқықтық актілердің ин-тернет-порталы» орналасады. Порталда қолжетімділігі шек-теулі ақпараттан тұрмайтын заң жобалары тұжырымдама-ларының және нормативтік құқықтық актілердің жобалары, оларға түсіндірме жазбала-рымен және салыстырма ке-стелерімен бірге (заңнамалық актілерге өзгерістер және (не-месе) толықтырулар енгізілген жағдайларда) орналастыры-лады. Сонымен қатар, норма-тивтік құқықтық актілердің жо-балары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды анықтау мақсатында міндетті түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамадан өткізіледі. (Сыбайлас жемқор-лыққа қарсы ғылыми сарап-тама жүргізу туралы талап Заңға сәйкес қолданылмай-тын нормативтік құқықтық ак-тілердің жобаларын қоспаған-да). Сондай-ақ, әзірлеуші мемлекеттік органдар кәсіп-керлік субъектілерінің мүдде-лерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша әзірлеушілер өз органдарының жанындағы Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын алу әділет ор-гандарына келісім алу үшін міндетті шарттары болуы тиіс. Осылайша, заңнамаға сәйкес келетін сапалы нормативтік құқықтық актілері бірнеше сатыдан өтіп, Әділет ор-гандарында тіркеледі. Аталған нормативтік құқықтық актілер келісу және қабылдау арқылы еліміздің заңдары тиімді жүзе-ге асырылады.

2025 жылдың қорытынды-сы бойынша Ойыл аудандық мәслихатымен әзірлеуші ор-гандардың ұсынуымен 17 НҚА жобаларына келісім беріліп, 4 НҚА тіркеуден өтті.

А. МУСИН,
Аудандық мәслихат аппараты-ның бөлім басшысы.

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

УИЛСКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ В СООТВЕТСТВИИ С ПУНКТОМ 3 СТАТЬИ 10 КОНСТИТУЦИОННОГО ЗАКОНА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ВЫБОРАХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН» ОБЪЯВЛЯЕТ О НАЧАЛЕ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА НА ВАКАНТНЫЕ МЕСТА, ВЫБЫВШИЕ ИЗ ЧЛЕНОВ ОКРУЖНЫХ И УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИИ.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 13 января по 28 января 2026 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан». Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 28 января 2026 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул.Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 8705-918-28-96, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:	
Наименование окружной и участковой избирательной комиссии	Число вакантных мест
Окружная избирательная комиссия № 1	1
Участковая избирательная комиссия № 413	1

Жасы көтіп жұртынан жырақ, дара, Жат өңірден тауыпты тұрақ, пана. Үркердей-ақ үй қапты үрпиісіп, Бір сыныпта бар өкен бір-ақ бала.

Ілияс Мұқай. Ерте оянған Ділде жастықтан басын жұлып алып, әлдеқайда асыққандай апыл-ғұпыл киінді. Үй іші жым-жырт. Демек, ата-анасы әлі тұрмаған. Терезеге жақындап, пердені сәл ысыра, тысқа көз тастады. Бозала таң енді ғана қылаң бергендей. Ауладағы үйшігінде тұмсығын бүйіріне тығып, бүрсиіп Мойнақ жатыр. Қаракөленің бөлме ішін жанарымен бір шопыл өтті де, пысылдап ұйықтап жатқан кішкентай сіңілісінің көрпесін қымтап жапты. Оны оятып алмайын деп аяғының ұшымен басып, тоққа қосулы ұялы телефонын алды. Ұйықтар алдында ажыратуды ұмытқан екен.

Іштей бірдеңе санағандай, ернін жымқырып, төбеге қарап біраз тұрды. Анасы да әлденені есептегенде сөйтеді. Соған ұсағысы келгендегі кейпі. Тез өсуге ұмтылған әр бала ересектерге еліктейді-ау. Бүгін тамыздың он екісі екен. Мектепке баруға әлі біраз уақыт бар сияқты. Биыл бірінші класқа барасын дегенді естігелі дегбірі қалмай жүр. Кеш жатып, ерте тұрады. Көзі ілінгенше алғашқы қоңырауға бара жатқанын, мектепке кіргенін, сабақта отырғанын елестетіп дөңбекшіп ұйықтай алмайды. Өкесі келесі апта қалаға барып, қажетті заттар мен киім-кешек аламыз дегелі өзінен мүлде маза қашты. Өппәк, жағасы гүлді жейде, көк костюм киіп, әдемі сөмкені арқасына асып алып мектепке көтіп бара жатса. Сондағы сыныптастарымен бос уақыттарында ойнаса, шіркін. Қиялы сан-саққа жүгіреді. Сабақты жақсы оқыса, мұғалім «бес» қойып берсе, күнделігін әжесіне көрсетіп, ол кісі мәз-мейрам болса. Осындай таусылып болмайтын жоспарлар тізбегінің шырмауында жүр. Қалаға барып, мектеп формасын, пенал, пластилин, түрлі-түсті қарындаш, қалам, бірнеше дәптер алғанда Ділденің жүзі қуаныштан бал-бұл жайнап кетті. Өзіне ең ұнағаны сөмкесі еді. Сыртында телевизордан үнемі көретін мультфильмдегі көжектің суреті бейнеленген қызғылт сөмкесін ауылға жеткенше арқасынан тастаған жоқ. Үйге келген соң киімін де бірнеше рет киіп, айнаның алдынан алыстай алмай қалды.

Бұлар кезінде үлкен өндірістік қалашықтың бөлімшесі болған, қазір жеке дара атауы бар шағын ауылдың жаңа тұрғындары еді. Өздері жақында ғана көшіп келді. Ділденің әкесі Жалғас – үлкен шаһарда білім алған, облыс орталығында баспанасы, әжептәуір қызмет орны бар азамат. Қаладан кеткісі келмеген келіншегін көндіріп, төрт баласын ертіп, өз ауылына жақында ғана қоныс аударды. Осындағы қара шаңырақтың түтінін түтетіп, жасы жетпістен асқан анасының жанында болуға бел буған.

Үйренген ортасын, жайлы жұмысын тастап ауылға көшемін дегенінде біраз туысы таң қалысты. Тіпті «мынауыңның есі ауысқан ба» дегендей ожырая қарағандары да болды. Өсіресе, әйелі бұрқылдап біраз ренжіді.

– Елдің бәрі қалаға ұмтылып жатқанда, бұл қай сасқаның? Ұлдардың сабағы, келесі жылы біріншіге барғалы отырған Ділденің мектебі не болмақ?

– Ауылда да мектеп бар.

ДІЛДӘ

Әңгіме

Мұғалімдері осы шаһардағыдан асып түспесе кем оқытпайды. Қаладағы мектептеріңе оқушы сыймай жатқан жоқ па? Ол жақта еркін білім алады.

– Тоғыз кластық, ескі мектепте ме? Бүкіл жұрт жаңа мектеп, жайлы қонысқа ұмтылып жатқан заманда. Бармаймын мен ауылға.

– Сен дұрыс түсінсейші. Ауылда бала саны жетпей жатқан көрінеді. Біз барсақ, өзіміз сияқты қалада жүрген тағы бірнеше отбасы барса мектеп те жабылмайды. Туған жерімді құр сөзбен емес ісіммен қолдамасам, қалада көптің бірі болып жүргенімнен не пайда? – Балалардың болашағын ойламайсың ба, сонда?

– Өзімізді ғана емес, ауылдың келешегін де ойлау керек. Бүкіл жұрт көшіп кетсе шал-шауқан мен кемпір-кешектер ғана қалса құрып бітеді.

– Құрыса құрып кетсін.

– Барамыз. Болды. Балаларға ескерт. Құжаттарды ретте. Екеуімізге де ол жақта жұмыс табылады. Шешем де қартайып қалды. Селтендеп жүре бермей көшеміз. Көп сөзді қой! Келіншегі кешке дейін бұрқылдады. Көшеміз дегенді естіген үлкен ұлы да қиғылықты салған. Екі-үш күн тамақ ішпей, қаладан кетпеймін, кетсендер өздерің ғана кетіндер деген екен. Өкесіне емес, шешесіне солай депті. Жалғас та алға қойған мақсатының оңай орындалмайтынын сезген. Біраз арпалысуы тиіс екенін де түсінген. Алайда отағасының айтқан бетінен қайтпайтыны о бастан белгілі. Мехелі күні келгенде артынып-тартынып ауылдарына көшіп келген.

Ойын баласы Ділде ғана шын шаттанды. Ол әжесін керемет жақсы көретін. Қалаға екі-үш күнге келгенінде жанынан шықпай, қойнында жатып жүрген үлкен шешесінің ауылына көшіп барудан артық бақыт болсын ба?! Әрі сол жерде оқитын болса. Елдімекен шағын болғанымен өте берекелі, тұрғындары өзара тату, өлім-жітім, той-томақта бір үйдің баласындай жұмыла кететін ымыралы еді. Жалғастың отбасымен көшіп келгеніне ақсақалдар мен ел ағалары да риза болысты. Тіпті, ауылды дамыту үшін көкенді жоспарлар жасап, сырттан көпбалалы отбасы қоныс аударса басына үй, алдына мал салып беруге уағдаласқан. Өйткені тоғыз кластық жалғыз білім ошағы жабылса елден де сән кететіні түсінікті. Сол мекемеден нәсіп тауып, жұмыс істеп отырған мұғалімдер бар.

Осыдан он шақты жыл бұрын бұл мектеп он бір жылдық еді. Тарихы да тереңде жатқан үлкен білім ордасы болатын. Бала саны да, адам қарасы да көп. Жаз бойы қалада оқитын студенттері демалысқа келіп, азан-қазан домалып шұрқырап, күнде би кеші, клубта түрлі мәдени шаралар толассыз өтіп жататын-ды. Келін түсіру, беташар, тұсаукесер, той. Қазір де тойсыз отырған жоқ. Жастар да, қалада тұратын ересектері де кез келген шарадан қалмай жиналады. Бір-екі күн улап-шулап кері қайтып кеткенде, иенде қалған үйдей болып ауыл да көңілсіз күйге түседі. Бірақ басты мәселе мектепке келіп тірелген. Ауданнан жиі тексеріс келіп, бала санын есептеп, жетпесе жабамыз деп шүйлігеді. Олар да жетіскеннен шүйлікпейтіні түсінікті ғой. Жоғарыдан талап

сондай болғасын амал жоқ. Ауданнан өкілдер келгенде клубқа барлық тұрғын жиналысқа келеді. Елдегі ересектер сөз бастайды:

– Ағатай-ау, мектепті жапсандар бұл жерде бала-шағасын оқытып отырған жастар да ұрпағына білім береміз деп, тым-тырақай қашып бітпей ме?

– Біздің де жанымыз ашиды. Қаншама жылдық тарихы бар мектептің жабылып қалуы оңай соғып отырған жоқ. Өздеріңіз амалын тапсаңыздаршы. Облыстан тапсырма түскен.

– Облыстарың біздің мектепке ғана қарап қалмаған шығар? Оқушы саны толық екен деп белгі соға салу қолдарында емес пе?

– Қолымызда емес. Әрбір баланың аты-жөні, жасы көрсетілген анықтама өткіземіз. Қайткенде күзге дейін бала санын арттырыңыздар!

Олар келіп-кеткен күннің көшінде ауыл азаматтары бас қосқан. Бұл мәселені қалай да шешу керек болатын. Қалада тұратын жерлестер де арнайы шақырылды.

– Ал, жігіттер, не істейміз?

– Жан-жаққа хабарлама жіберейік, ауылға келетін отбасы табайық.

– Айта салу оңай ғой. Тіршілік етіп жүрген адамға әй-шәй жоқ, көшіп келе қал деп қалай айтамыз? Елдің бәрі бала-шағасын жетектеп көшіп келе салатын Жалғас емес қой.

– Ауылда бос тұрған үйлер бар. Соларды жөндеп, сылап, өктеп, шақырайық жұмыссыз сенделіп жүргендер болса.

– Онда дұрыс ұсыныс қажет. Қораларыңа бір-екі ірі қара, оншақты ұсақ мал береміз десек ше?

– Айтып жүрміз оны. Міне, Имекең, Көкендер де, Бөкең де малды реттейміз деп отырған жоқ па?

Аты аталған кісілер де жиында отырған. Жөткірініп, орындарынан бір-бір қозғалақтап, бастарын изеді.

– Көшіп келемін десе көреміз ғой. Ата-баба мекенін сақтап қалуға жараса малдың несін аяғандаймыз?

Жақында осы ұядай елдімекенде клуб күрделі жөндеуден өткізіліп, үлкен трассаға шығатын жол да аздап қалыпа келтірілді. Бәріне ұйықты болып жүрген осы жердің жастары. Қаржысын жинап, түгелін реттеп, жанталасады да жатады. Жақында ауылда әдемі де шағын мешіт бой көтерді. Оған да бас-көз болып, әр кірпішіне дейін есеп беріп, алыс-жақындағы ағайыннан жылу жинап ұйымдастырған да ел тұрғындарының өзі еді.

«Туған жеріңе қандай еңбегің сіңді? – дегенде: – Туған жеріме зәрімнен басқа дым да сіңбепті», – депті ғой баяғыда бір айтқыш. Ал бұл ауылдың айрандай ұйыған адамдарының тірлігі сырттан бақылаған адамды сүйсіндірмей қоймайды. Енді осы игілікті көрер жұрты, жолында ары-бері жүйтілп жүрер көлігі, клубына кіріп, концертті қоятын адамы, оны тамашалайтын көрермені, мәшітіне бас сұғар жамағаты болмаған жерде бәрі де бекер емес пе?! Сол үшін мектепке бала толтыру бірінші кезектегі шаруа болатын.

Ауылдағы жиыннан соң ұялы телефондар арқылы көпшілікті байланыстырау арнайы «чат» құрылды. Оның арасында елдімекендегі мектеп жайын талқылап, адам тарту туралы ойларын жазып, айтып

отырар белсенділері де, үнсіз отырып тыңдап, пікірін жазбай жылы жауып қоятын жерлестер де жеткілікті еді. Сол топ біртіндеп, бос әңгіме алаңы, еріккеннің ермегіне айнала бастады. Өлбетте, арасында ауылға қатысты жақсы жаңалықтар, ой салар дүниелер де жоқ емес. Ерте оянған біреу «Қайырлы таң!» деген суреттерін жібере бастайды. Содан дамылсыз тілектер ағылады. Кімнің көлік алып, кімнің көмір сатып жатқанын, жол жүріп, той беріп жүргенін біліп, көріп отырысады. Ел болғасын қаза болатыны да белгілі. Содан «иманды болсыңды» сол желідегі барлық адам кезек-кезек жазып шығады. Бұл таңқаларлық, ерсі қылық емес қой. Бірақ «чат» мүддесі мүлдем бөлек болатын. Соған ересектеу біреуі бір күні шыдамай жазды да жіберді: «Айналайын, ауыл азаматтары! Біреу қайтыс болса «иманды болсын» деп шулайсыңдар да жатасыңдар. Ауыл қайтыс болайын деп жатыр ғой», – деп. Сол сәтте шулаған жұрт оның ит-терісін басына қаптап жазғырсын келіп. Көңіл айтқанымызға қарсы шықтың деген уәж ғой. Қанша қырылыссын, сөзге келсін, сол желі арқылы ауылдың біраз түйткілі де түйінін тауып жататын, бастысы. Алайда Жалғастан басқа жан баласы ауылға аяқ баспады. Жан-жаққа жарна да жөнелтілді, жергілікті жұрт барған жерлерінде ауызша да ақпарат таратты. Ешкім көшіп келмей-ақ қойды. Өне-міне дегенше қыркүйек айы да жетіп келген.

Ділде мектепке барар күні мүлдем тыным таппады. Анасына киім үтіктесті, сөмкесін жүз мәрте ақтарып, заттарын алып-салды, ақ бантигін тағып көрді. Тұн ауғанша жүрді. Төсегіне қисайғанмен жүрегі алып-ұшып көз іле алмады. Ертесіне қызғылт сөмкесін асынып, әжесі мен анасының жетегінде мектепке бара жатқанына өзі де сенер-сенбесін білмей, сықылықтап күле берген. Бара салып алғашқы ұстазымен танысты, алып келген гүлін ұсынды. Түрлі-түсті шарлары көздің жауын алатын, көгілдір-сары жалаушалары жайқалған ғимараттың ауласына кіргеннен-ақ өзі күтпеген жағдайға тап болғандай абдыраңқырап қалған. Өйткені жан-жағында өзі құралпылас бала көре алмағанына таңырқап еді. Айналасындағы ұлдар мен қыздар өзінен ересектеу сияқты ма, қалай?

Бұған мән беріп, қарап жатқан да ешкім жоқ. Салтанатты шарада Ділдеға ерекше әсер еткені алғашқы қоңырау соғу мәртебесіне ие болды. Қолына сыңғырлаған қоңырауды ұстап, шыр көбелек айналғанда, өзін ұшып келе жатқан құстай сезінген.

Ресми шара аяқталып, у-шу саябырсып, Ділде класына кірді. Кірді де, үн-түнсіз тұрып қалды. Алғашқы мұғалімі келіп, құшағына алып, балсынан сиады.

– Өзірге мән өзіңе ғана әріп оқытып, жазуды үйретемін. Қайта жалғыз оқығаныңның саған пайдасы көп. Мұңайма, алтыным! Ертең-ақ көп кластасың болады. Тіпті сыныпқа сыймай қаламыз. Көр де тұр. Қарашы көзіме. Маған сенесің бе?

Ділде үнсіз басын изеді де, ұстазын қапсыра құшақтап алды. Көзінен бір тамшы жас үзілген. Жалғыз аяқ қолмен мектебіне барып қайтатын оқушы қыз күнде мұғалімінің тілегі орындалғанын армандайтын. Жалғыз оқушы, жалғыз Ділде сол ауылдың жалғыз үмітіндей болып әлі де сабағына барып-келіп жүр.

ADEBIPORTAL.KZ

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНБАСЫҢ ДЕП...

АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ КПБ АҒА ЖЕДЕЛ УӘКІЛІ, ПОЛИЦИЯ АҒА ЛЕЙТЕНАНТЫ М. БАЙСҰЛТАНОВ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ҚОҒАМДА АЛАЯҚТЫҚ ДЕРЕКТЕРІ КҮННЕН-КҮНГЕ АРТЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ.

Өйткені, олардың «торына» түсіп қалып жатқан жоғары білімді адамдар да көп. Кездесу барысында мұғалімдерге алаяқтардың жиі қолданатын әдіс-тәсілдері туралы айтып, сақ болуға шақырды. Атап айтқанда, интернет арқылы тауар сату, банктік шоттар мен жеке деректерді алу арқылы жасалатын алаяқтықтың түрлері түсіндірілді. Сондай-ақ, бейтаныс адамдарға банк картасының

деректерін, SMS-кодтарды, ЖСН немесе жеке мәліметтерді беруге болмайтыны қатаң ескертілді.

Кездесу барысында нақты мысалдар келтіріліп, әрбір азаматқа күдік тудыратын жағдайларда құқық қорғау органдарына жүгіну қажеттігі айтылды.

Тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, арнайы дайындалған видеороликтер көрсетілді.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕҮЛІКТІ САҚТАУДЫҢ ІРГЕТАСЫ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫ – РУХАНИ ТЕРЕҢДІККЕ, ТАНЫМДЫҚ БАЙЛЫҚҚА ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮРГЕ ТҰНЫП ТҰРҒАН ҮЛКЕН ШЕЖІРЕ. ҰЛТ РЕТІНДЕ САҚТАЛЫП ҚАЛУ ҮШІН ТЕК ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ШЕКАРА ЖЕТКІЛІКСІЗ. ОНЫҢ БОЛМЫСЫН, ТІРШІЛІГІН, ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІН, ЖҮРІС-ТҰРЫСЫН САҚТАП ТҰРАТЫН НЕГІЗГІ КҮШ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР.



Қазақстанның бүгінгі тәуелсіздік кезеңінде ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі өзекті бола түсті.

Қазақ халқының рухани құндылықтары – оның дүниетанымынан, діни ұстанымынан, фольклорынан, әдебиетінен, тілі мен өнерінен көрініс табады. Бұған адамгершілік, имандылық, қонақжайлық, үлкенге құрмет, кішіге ізет, жерге, ата-баба аруағына деген тағзым сынды ұстанымдар жатады.

Мысалы, «Ұят болады», «Аруақ ренжиді», «Бата алмаған жетім» деген тіркестер қазақ қоғамында тек моральдық ұғым емес, қоғамдық тәртіпті сақтайтын ішкі тетік болды. Қазақтың салт-дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қоғамның рухани тұтастығын қамтамасыз етті. Шілдехана, қырқынан шығару, тұсаукесер, сүндет той, қыз ұзату, беташар, ас беру сияқты дәстүрлер отбасы мен қоғам арасындағы байланыс пен жауапкершілікті нығайтты.

Мысалы, беташар дәстүрі арқылы жаңа түскен келін үлкендермен таныстырылады, оның міндеттері мен әдеп нормалары үйретіледі. Бұл – қоғамның ішкі құрылымын сақтайтын құрал. Ал жыраулық өнер – елдің тарихи жады мен ұлт рухын сақтап отырған бірден-бір феномен. Мысалы, XV ғасырдағы Асан Қайғы, XVI-XVIII ғасырдағы Бұқар жырау шығармалары халықтың рухани бағытын айқындады. 2017 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі алғаш рет мемлекеттік деңгейде ашық көтерілді. Бағдарламада:

Ақшатау орта мектебінің ұжымы және кәсіподақ ұйымы мектебіміздің кіші қызметкері
Айсұлу Тілеуғалиқызы Дүсіпованың қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1383 дана. Тапсырыс 43 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қатарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

ДӘСТҮРЛІ ДІНИ-РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ЖАТ ИДЕОЛОГИЯҒА ҚАРСЫ ДАУА

Жаратқан Алла Тағалаға сансыз мадақ, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға көптеген салауат пен сәлем жолдаймыз.

Қоғам тарихында адамзат өркениетінің қалыптасуы мен дамуында дәстүрлі құндылықтар ерекше орын алған. Әрбір ұлттың, ұлыстың, тіпті әрбір шағын этностың өзіндік құндылық жүйесі – оның рухани өзегі, мәдени құрылымы болып табылады. Бұл құндылықтар ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, қоғамда тұрақтылық пен сабақтастықты қамтамасыз етіп отырды. Қазақ халқы үшін де дәстүрлі құндылықтар – отбасы мен үлкенді сыйлау, имандылық, еңбекқорлық, намыс пен ар-ождан, елге адалдық сынды асыл қасиеттермен ұштасқан. Бұл қасиеттердің бәрі де ислам дінімен үндес. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Мен көркем мінез-құлықты толықтыру үшін жіберілдім»**, – деген (имам Ахмад). Бүгінгі жаһандану дәуірінде дәстүрлі құндылықтарымызға қауіп төндіріп отырған түрлі идеологиялық ағымдар бар. Солардың ішінде ең алаңдатарлығы – радикалды және деструктивті діни ағымдар. Олар ислам атын жамылып, халықтың санасын ұлап, дәстүр мен дінді бір-біріне қарсы қоюға тырысады. Алла Тағала қасиетті Құранда: **«Уа, иман көлпіргендер! Егер сөңдерге өлдебір күнәһар адам қандай да бір хабар жеткізсе, оның анық-қанығын анықтап біліп алыңдар»** («Хұжұрат» сүресі, 6-аят).

Бұл аят – бізге ақшарты тексеріп, асығыс шешім қабылдамау қажеттігін үйретеді. Өйткені радикалды идеологияның бастауы – білімсіздік пен тексерілмеген ақпаратқа сену. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тағы бір хадисінде былай дейді: **«Дін ұстануда шектен шығудан сақтаныңдар. Өйткені, сөңдерден бұрынғылар дінде қатты көтумен құрыды»** (имам Ибн Мәжә). Біздің ата-бабаларымыз да имандылық пен ізгілікті басты құндылық етіп, ұрпағын соған тәрбиеледі. Қазактың дана сөзінде: **«Бірлік бар жерде – бөреке бар»** – делінген. Халқымыздың осы рухани мұрасын сақтау – әрбір мұсылманның міндеті. Біз өз дінімізді дұрыс түсініп, дәстүрлі ислам құндылықтарын

ұстанғанда ғана қоғамымызда тыныштық пен тұрақтылық орнайды. Жат идеология қоғамдағы саяси, діни немесе әлеуметтік құрылымды түбегейлі өзгертуге бағытталған ұстаным. Ол көбінесе тәзімсіздікпен, қарсы пікірлерді мойындамаумен және күш қолдану арқылы өз идеясын жүзеге асырумен сипатталады. Соңғы жылдары әлемде, әсіресе жастар арасында түрлі радикалды топтарға тартылу фактілері жиілеп барады. Бұл тек діни сипаттағы топтармен ғана шектелмей, саяси, этностық, тіпті экологиялық радикализмге де қатысты болып отыр. Мұндай идеологиялардың кең таралуына әлеуметтік желілер, интернет әсер етуде. Бірақ ең бастысы – адамның рухани иммунитетінің әлсіздігі, яғни дәстүрлі құндылықтарға сүйенбейтін ішкі тіректің жоқтығы. Қазақ қоғамы ерқашан өз дамуы мен тұрақтылығын рухани-адамгершілік құндылықтарға сүйеніп қалыптастырған. Себебі дәстүр – ұлттың жаны, руханият – оның өзегі. Ал бұл құндылықтардың қайнар көзі, бастауы – отбасы.

Отбасындағы тәрбиенің сапасы ұлттың ертеңін айқындайды. Бала өмірге келген сәттен бастап, ата-анасының іс-әрекеті мен сөзі арқылы адамгершілік пен имандылықты үйренеді. Үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу, амандасу мәдениеті, асқа құрмет, сөз қадірін білу, намыс пен ар-ождан­ды жоғары ұстау – мұның барлығы қазақы тәрбие мен Исламның өнегелі ілімінің жемісі. Осы дәстүрлі құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіру – бүгінгі қоғамдағы ең өзекті міндеттердің бірі. Дәстүрлі діни-рухани құндылықтар – адамның ішкі дүниесін қалыптастырып, өмірге деген көзқарасын айқындайды. Ал имандылық пен мәдениеттілік қатар жүрсе, ол қоғамда бірлік пен тұрақтылықтың орнауына негіз болады. Дәстүрлі ислам ілімі мен қазақы тәрбиенің түпкі мақсаты – адамды ізгілікке, сабыр мен мейірімге, татулық пен бейбіт өмірге шақыру. Ал жат ағымдардың идеологиясы керісінше, іріткі мен бүлікке, бөлінушілік пен өшпенділікке бастайды. Сондықтан елдің рухани иммунитетін күшейту­дің ең басты жолы – дәстүрлі діни білім мен ұлттық тәрбиені үйлестіре дамыту. Дәстүрлі діни-рухани құндылықтар – қоғамның ру-

хани қорғаны, ал оны сақтау мен ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ борышымыз. Отбасынан басталған имандылық тәрбиесі ұлттың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, жат идеологиялардан қорғайтын ең қуатты қалқан боламақ.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен өмір сүру дағдысы – Ислам дінімен ұштасып, рухани бай мұраға айналған. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, адалдық, сабыр, қайырымдылық, қанағат – мұның бәрі Құран мен хадистен нәр алған қасиеттер. Қоғамның дамуы мен тұрақтылығы ең алдымен оның рухани іргетасына байланысты. Бұл іргетас – ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі құндылықтар. Ұлттың болмысын, мәдениетін, дүниетанымын сақтап тұрған осы рухани құндылықтар болмаса, қоғам күйзелеп, тамыры үзіледі. Сол себепті дәстүр – жай ғана әдет емес, ол ұлттың өмір сүруінің рухани өзегі.

Қазақ халқының дәстүрі – Ислам дінімен біте қайнасқан құндылықтар жүйесі. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-ананы ардақтау, көршімен тату болу, жетім мен жесірге қамқорлық көрсету, сөзге беріктік пен уәдеге адалдық – мұның бәрi халқымыздың мәдениеті мен дінінің сабақтастығын көрсетеді. Бұл ұстанымдар Құран мен хадистердің негізінде қалыпта­сқан. Алла Тағала Құран Көрімде: **«Расында Алла әділдікті, игі істерді ітеуді және туған-туысқа қол ұшын беріп қарайласуды бұйырады»** («Нахл» сүресі, 90-аят). Осы бір аяттың өзінде қазақы дүниетанымымен үндес үш басты құндылық көрініс табады: әділдік, ізгілік және туыстық байланыс.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі мен діни дүниетанымы – ұлттың рухани өзегі ері ішкі тұрақтылығын сақтап тұрған қуатты күш. Бұл құндылықтар – ұлттың ар-ожданын, адамгершілік негізін және бірлік пен татулық идеясын ұрпақ санасына дарытатын мәңгілік мұра. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі құндылықтар – тек мәдени әдеттер жынтығы емес, ол Ислам дінінің шынайы құндылықтарымен үйлескен рухани тәрбие мектебі. Алайда жаһандану заманында рухани әлсіреу, отбасындағы байланыстың әлсіреуі, ұлттық тамы-

рдан ажырау сынды мәселелер жастардың сана-сезіміне кері әсер етуде. Өзіндік болмысы мен дәстүрін терең түсінбеген кейбір жас буын өзге мәдениеттердің ықпалына тез түсіп, тіпті радикалды көзқарастардың жетегінде кетіп жатады. Мұндай жағдайдың туындауына басты себеп – рухани тәрбиенің үзілуі мен дін мен дәстүрдің біртұтас жүйе екенін ұғынбау. Дәстүрлі діни-рухани құндылықтарды сақтау – бұл жат идеологияларға қарсы ең сенімді қорған. Себебі дін мен дәстүр қатар өрілген қоғамда адам бойында тұрақтылық, мейірім, әділдік пен елге деген сүйіспеншілік қалыптасады. Ал мұндай қоғамда бүлік пен адасушылыққа орын жоқ. Отбасындағы сыйластық, ауыл арасындағы бірлік, ел ішіндегі татулық – бәрі де дәстүр мен имандылықтың көрінісі. Дәстүрін дәріптеген елдің рухы биік, сенімі берік, болашағы жарқын болады. Себебі ұлттың күші – рухани құндылықтарында. Дәстүрлі діни-рухани құндылықтар – ұлттың рухани қалқаны, қоғамның тұрақтылығы мен бірлігінің кепілі. Өзінің тарихын, дінін, мәдениетін қадірлеген адам жат идеологияның уына бой алдырмайды. Сондықтан әрбір ата-ана мен әрбір азамат ұлттың рухани мұрасын сақтап, оны ұрпаққа аманат етуі – ел алдындағы қасиетті парыз.

Қорыта айтқанда дәстүрлі құндылықтар – бұл тек тарихи мұра емес, бұл – бүгінгі қоғамның тұтастығын қамтамасыз ететін тірек. Ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, мәдени ерекшеліктерді сақтау арқылы ғана қоғам ішіндегі түрлі жат идеяларға тосқауыл қоюға болады. Мысалы, ислам дінінің қазақы түсінігінде төзімділік, сабыр­лық, бейбіт өмір салты, үлкенді құрметтеу, білімге ынталы сияқты қасиеттер бірінші орында тұрады. Ал радикалды ағымдар осы құндылықтарды терістеп, дінді саяси құралға айналдыру арқылы жастарды адастырады. Осы жерде дәстүрлі дін мен радикалды түсініктің аражігін ажыратып беру – дінтанушылар мен имамдардың, сонымен қатар мемлекеттік идеологиялық құрылымдардың басты міндеті.

Баққарық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ,
Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.

“ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ”

БАЛА БОЙЫНДАҒЫ ДЕПРЕССИЯЛЫҚ КҮЙ: АТА-АНА НЕГЕ НАЗАР АУДАРУҒЫ КЕРЕК?

Балаңыз соңғы кезде бұрынғыдай көңілді емес пе? Мектепке барғысы келмей, өштеңе қызықтырмайды ма? Бұл – кейде депрессиялық күйдің белгісі болуы мүмкін.

Ата-ананың назары мен қолдауы – оның психикалық саулығын сақтауда бірінші қадам. **Нені байқау керек?** Депрессия әрдайым ашық көрінбейді. Кейде бала тыныш көрінеді, бірақ ішкі күйі өзгереді.

НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ БЕЛГІЛЕР:

•Мазасыздық немесе ашушаңдық: кішкентай нәрселерге тез ренжігіш болуы, ашуланшақ мінезін үйде жиі көрсетуі;
•Қызығушылықтың жоғалуы: сүйікті пәні немесе пайдалы хобби қызықпауы;
•Ұйқы мен тамақтанудың өзгеруі: тым көп ұйықтау немесе керісінше ұйқысыздық, тамаққа құлықсыздық;
•Өзін төмен бағалау: «Мен ештеңеге жарамаймын», «маған ештеңе керек емес», «мен ештеңені жасағым келмейді», «болашақты ойлағым келмейді», «ештеңені білмеймін» деген ойын вербалды жеткізуі (айтуы);
• Жалғыздыққа бейімділік: достарынан, отбасының мүшелерінен алыстап кетуі.

Мысал:
«Мектептен келгеннен кейін ұлым бөлмесіне кіріп, ешкім-

ШОҚЫНУ МЕЙРАМЫН ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАҢЫЗДАР!

ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ 18 НЕН 19-НА ҚАРАҒАН ТҮНІ ПРАВАСЛАВ ХРИСТИАНДАРЫ ҮШІН ЕРЕКШЕ ДІНИ МЕРЕКЕ. БҰЛ МЕРЕКЕНІҢ ЖОРАЛҒЫСЫ БОЙЫНША, ШІРКЕУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТАҢЕРТЕҢ ЕРТЕМЕН КЕЛІП, МҰЗЫ ОЙЫЛЫП, АРНАЙЫ ДАЙЫНДАЛҒАН ӨЗЕН ОЙЫҒНА КРЕСТ САЛЫП, КӨДІМГІ ҚАРА СУДЫҢ ҚАСИЕТІН АРТТЫРАДЫ.



БҰЛ СУДЫҢ ҚАСИЕТІ СОЛ

Бұл мейрамда 19 қаңтар күні православ Христиандары мұзды ойылып, арнайы дайындалған өзен ойығына суға түседі. Алайда осы күні ауданымызданда салқын суға шомылатын азаматтарымызда аз емес.

Осыған орай азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қауіпсіздік шараларын еске саламыз.

- құтқару қызметтерінің өкілдерінсіз және медицина қызметкерлерінсіз шомылуға;
- суға тікелей мұздан сүнгуге;
- купельді ластау және қоқыстарды қалдыруға;
- жалған дабылды айқайлауға;
- суға шомылатын өзен ойығына автокөлікпен жақындауға;
- 3 адамнан астам топпен шомылуға ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ.
- балаларды ойыққа батыруға болмайды;
- мұздағы ойықтың жанында бір уақытта 20 адамнан артық болмауы тиіс;
Сондай-ақ келесі ережелерді сақтауды сұраймыз:

-Ойықта шомылудың алдында денені дұрыстап қыздырып алу керек.

-Ойыққа ыңғайлы, тайғанаймайтын және жеңіл кө-

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ

мен сөйлеспей бірнеше сағат отырып қалды», – дейді бір ата-ана.

Мұндай өзгерістерге мән беру маңызды.

БАЛАҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?

1.Тыңдаңыз: күнделікті сұрақтар арқылы бала сезімін білдірсін.

2.Шығармашылыққа тартыңыз: сурет салу, музыка немесе қолөнер арқылы эмоциясын шығара алады.

3.Демалыс пен табиғат: бірге серуендеу, спорттық ойындар стресс деңгейін төмендетеді.

4.Рехимді бақылау: ұйқы, тамақтану, сабақ пен ойын арасындағы тепе-теңдік сақталуы керек.

5.Кәсіби көмек: белгілер ұзақ сақталса, психологқа жүгіну қажет.

Құрметті ӨКЕ-АНА! АТА-ӘЖЕ! СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ ?

Баланың көңіл-күйіне назар аудару – ересектердің басты міндеті.

Сіз балаңыздың көңілсіз болған, қиналған, қателескен уақытанда жанынан табылсаңыз, ол өзін «жалғызбын» деп сезінбейді.

Ерте қолдау – психикалық саулыққа жол ашатын ең маңызды қадам.

Сәндігүл БАЙДУАШОВА,
Ойыл ауданының білім бөлімінің әдіскері, психолог.